

2023 жылғы «25» ақпанда
Қостанай облысының Нотариаттық палатасы
мүшелерінің жалты жиналысында қабылданды

Қостанай облысының нотариаттық палатасының

ЖАРҒЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БҮЛЕТ МИНИСТІРЛІГІ
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ
БҮЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР
МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2023 ж. - 10 кезең
БҮРЫН 1999 ж. - 08. 08 ТІКЕЛДІ
БСН 990840001566

I. Атауы, қызметінің мақсаттары мен негізгі түрлері

1. Қостанай облысының Нотариаттық палатасы (одан әрі мәтін бойынша - Нотариаттық палата), жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, ортақ мақсатқа жету барысында, жеке нотариустарды біріктіру нәтижесінде құрылған, сондай-ақ жекеше нотариустардың Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасын, кәсіби және әдеп нормаларын сақтауын камтамасыз ету үшін құрылатын коммерциялық емес кәсіби өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.
2. Нотариаттық палата өз қызметін Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.
3. Нотариаттық палата мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап заңды тұлғалық құқыққа ие болады.
4. Нотариаттық палатаның атауы:
 - мемлекеттік тілде «**Қостанай облысының нотариаттық палатасы**»,
 - орыс тілінде «**Нотариальная палата Костанайской области**».
5. Нотариаттық палатаның өз филалы бар – Ұлттық мұрағат қоры және мұрағат жөнінде Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес нотариаттық құжаттарды пайдалану және оны сақтап, қор бойынша қызметтерді жүзеге асыратын Жеке нотариаттық мұрағат.
6. Нотариаттық палатаның қызметі өзін-өзі басқару, өзін-өзі қаржыландыру, жариялық, заңдылық, тең құқықтық және оның мүшелерін құрметтеушілік қағидаларынан құрылады.
7. Нотариаттық палата мүліктерге өздік теңгерім, банктік есеп-қисаптарға, мемлекеттік және орыс тілінде өз атауы бар дөңгелек мөрге, фирмалық бланктер мен басқа да атрибуттарға иегер.
8. Нотариаттық палата өз жұмыстарын жетістікке жеткізу үшін, өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, сотта талапкер, жауапкер және үшінші тұлға болуға құқылы.
9. Нотариаттық палата өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлкімен жауап береді. Нотариаттық палата мүшелерінің міндеттеріне жауап бермейді, осыған сәйкес палата мүшелері де палатаның міндеттеріне жауап бермейді. Нотариаттық палата мүшелерінің палатаға тапсырылған мүліктер мен мүшелік жарна тағы басқа төлемдерді немденуге құқығы жоқ.
10. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» заңына сәйкес Нотариаттық палата Республикалық нотариаттық палатаның мүшесі болып табылады.
11. Нотариаттық палатаның орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Победа көшесі, № 33а-үй.
12. Нотариаттық палатаның негізгі мақсаты болып табылатындығы: өз мүшелерінің мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда заңды мүдделерін және құқықтарын қорғау, оларға көмек көрсету және нотариаттық істерді дамыту, әдістемелік және практикалық көмек көрсету, сондай-ақ,

нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру.

13. Негізгі қызмет түрлері болып табылады:

1. жеке нотариустардың қызметін үйлестіру және жалпы басшылық жасау;
2. жеке нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
3. нотариаттық іс-әрекет жасаған кезінде зиян келтіру жағдайда өз міндетін атқаруда азаматтық-құқықтық жауапкершілік сақтандыруды ұйымдастыру;
4. жеке нотариустардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
5. нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғалардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру;
6. Жеке нотариустардың қызметтік әрекеттеріне байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдары мен арыздарын қарау;
7. Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлері.

II. Палатаның құқықтары мен міндеттері

14. Нотариаттық палата құқылы:

1. Нотариаттық палатаның құрамына кіретін Қостанай облысының аумағында жеке практикамен айналысатын жеке нотариустарға жалпы басшылық жасап, олардың қызметін үйлестіріп отырады;
2. мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды, нотариаттық істі дамытуда оларға көмек көрсетіп, жәрдем береді;
3. нотариаттық іс-әрекет жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды ұйымдастырады;
4. жеке нотариустардың өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаруы және жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасы заңдарының өзге де талаптарын бұзу жағдайлары туралы аумақтық әділет органдарын хабардар етеді;
5. нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;
6. жеке нотариустың нотариаттық округ шегіндегі қызмет ету аумағын айқындайды;
7. өз мүшелерінің қызметіне байланысты істер бойынша сот белгілеген сараптама шығындарын өтейді;
8. жеке және заңды тұлғалардың нотариаттық қызмет мәселелері бойынша жолданымдарын қарайды;
9. жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша Республикалық нотариаттық палата мен аумақтық әділет органына қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде өзінің қызметі туралы ақпарат беріп отырады.
10. бұқаралық ақпарат құралдарын құрады;

11. өз атынан мүлiктiк және жеке мүлiктiк емес құқықтарға ие болады;
12. жекеше нотариустардың Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасын, кәсiби және әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз етедi;
13. жекеше нотариустың iс-әрекеттер жасау заңдылық туралы мәселенi қарау кезiнде нотариустан жасалған нотариаттық iс-әрекеттер туралы мәлiметтердi, ал қажет болған жағдайларда өз түсiнiктемелерiн, оның iшiнде кәсiптiк әдептi сақтамау мәселелерi бойынша түсiнiктемелерiн ұсынуды талап етедi;
14. нотариустың нотариаттық iс-әрекеттер жасау кезiнде заңнаманы, сондай-ақ нотариустың Әдеп кодексiн бұзуының сипаты мен ауырлығын айқындайды;
15. жекеше нотариустарды нотариустың Әдеп кодексiне, осы Жарғыға және басқа да құқықтық актiлерге сәйкес кәсiби мiндеттерi мен этикасын бұзғаны үшiн тәрiптiк жауаптылыққа тартады;
16. ҚР «Нотариат туралы» Заңында, нотариустың Әдеп кодексiнде және осы Жарғыда көзделген жағдайларда жекеше нотариустың лицензиясының күшiн тоқтата тұру, керi қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныстар енгiзедi;
17. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де өкiлеттiктердi жүзеге асырады.

15. Нотариаттық палата аумақтық әдiлет органымен бiрлесе отырып:

1. Әдiлет Министрлiгiне бекiту үшiн нотариаттық округте нотариустардың ен аз санын туралы ұсыныс енгiзедi;
2. нотариаттық округте нотариустар уақытша болмаған кезде нотариаттық әрекеттер жасауды ұйымдастырады;
3. нотариустарға әдiстемелiк және практикалық көмек көрсетедi;
4. нотариаттық практиканы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кiрiстердi заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмдi қаржыландыруға қарсы iс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын жинақтап қорытады және оны жетiлдiру жөнiнде ұсыныстар енгiзедi;
5. тиiстi нотариаттық округте өз қызметiн тоқтатқан нотариустың жеке мөрiн жою және құжаттарын басқа нотариусқа немесе жеке нотариаттық мұрағатқа беру жөнiнде, сондай-ақ егер нотариуста лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда оны лицензиарға беру үшiн лицензияны алып қою жөнiнде шаралар қабылдайды.

III. Мүше болу, мүшелiктi тоқтата тұру және одан айрылу шарттары мен тәрiбi

16. Мүшелiкке иемдену тәрiбi мен шарттары:

Қостанай облысының аумағында нотариаттық қызметтi жүзеге асыратын нотариустар үшiн нотариаттық палатаға мүшелiк мiндеттi болып табылады.

Егер қолданыстағы заңнамада өзгеше көзделмесе, сондай-ақ осы Жарғыны мойындайтын, жиырма бес жасқа толған, жоғары заң бiлiмi, заң мамандығы бойынша кемiнде екi жыл жұмыс өтiлi бар, нотариуста кемiнде бiр жыл тағылымдамадан өткен, әдiлет аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан

өткен, нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы, Нотариаттық палатаның мүшесі бола алады.

Нотариаттық палатаның мүшелігіне кіруге ниет білдірген үміткерге (бұдан әрі қарай - үміткер), Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңның 6-бабының талаптарына адамның сәйкес келмеген жағдайларынан басқа, нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар үміткер нотариаттық палатаға мүше етуден бас тартуға болмайды.

Нотариаттық палатаның мүшелігіне қабылдау, үміткердің қағаз не электрондық нысандағы өтініші негізінде, қажетті құжаттары қоса бере отырып, нотариаттық палатаның Басқармасымен жүзеге асырылады.

Өтініш электрондық нысанда электрондық цифрлық қолтаңба қойыла отырып, Нотариаттық палатаның ресми электрондық мекенжайына жіберіледі. Бұл ретте өтінішке қоса берілген барлық сканерленген құжаттар жоғары сапалы болуы тиіс.

Нотариаттық палатаның мүшелігіне қабылдау туралы өтініш үміткердің міндетті түрде қатысуымен қаралады және ол түскен сәттен бастап бір ай ішінде шешіледі. Нотариаттық палата Басқарма отырысы өткізілгенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей үміткерге Басқарма отырысының өтетін орны, күні мен уақыты туралы хабарлайды.

Нотариаттық палатаның Басқармасы үміткердің құжаттарын қарайды және нотариаттық палатаның мүшелігіне қабылдау не қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Үміткер басқарма шешім қабылдаған күннен бастап Нотариаттық палата мүшелігіне қабылданған болып есептеледі.

Нотариаттық палатаның мүшелігіне қабылдау не қабылдаудан бас тарту туралы шешім үміткерге Басқарма отырысы өтетін күні ауызша, не жазбаша нысанда, не үміткерді тиісті хабардар етуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы хабарланады.

Басқарма шешімінен үзінді көшірмесі бес жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына жіберіледі және қабылданған Нотариаттық палата мүшесіне беріледі.

Нотариаттық палатаның мүшелігіне қабылдаудан бас тартуға заңнамада белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

17. Мүшелікті тоқтата тұрудың шарты:

Нотариаттық палатада мүшелік нотариус лицензиясының қолданылуы тоқтатылған жағдайда тоқтатыла тұрады.

18. Нотариаттық палатаның мүшелігінен айрылу:

Нотариус келесі жағдайларда нотариаттық палатада мүшелігінен айырылады:

- нотариаттық палата мүшелерінен нотариустың ерікті түрде шығу өтініші негізінде;
- қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен нотариус лицензиясының күші тоқтатылу;

- ай сайынғы мүшелік жарналарды қатарынан үш ай бойы дәлелсіз себептермен төлемеу;

- нотариаттық палата мүшесі қатарынан үш ай бойы дәлелсіз себептермен практикалық нотариаттық қызметті жүзеге асырмаған жағдайда;

- тәртіптік комиссияның Қазақстан Республикасы "Нотариат туралы" Заңының 24-1-бабының 3-тармағы 4-тармақшада көзделген тәртіптік жаза шараларын қолдану туралы шешім қабылданғанда;

Нотариаттық палата мүшелерінен өз еркімен шығу туралы өтінішті нотариус басқармаға береді, ол бір ай мерзімде каралады. Өтініш қағаз немесе электрондық нысанда беріледі. Нотариаттық палата мүшелерінен өз еркімен шығу туралы өтінішті нотариус басқармаға береді, ол бір ай мерзімде каралады. Өтініш қағаз немесе электрондық нысанда беріледі. Өтініш электрондық нысанда электрондық цифрлық қолтаңба қойыла отырып, Нотариаттық палатаның ресми электрондық мекенжайына жіберіледі.

Нотариус лицензиясының күшін тоқтатыла тұрған кезеңде Нотариаттық палатаның мүшелігінен шығу туралы өтініш қабылданбайды.

19. Нотариаттық палатаның мүшелігіне қабылдау, мүшелігінен айрылу туралы шешім қатысып отырған басқарма мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

IV. Мүшелердің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

20. Нотариаттық палатаның мүшелерінің құқықтары:

1. Нотариаттық палатаның басқару органдарына сайлауға және сайлануға;
2. өзіне жүгінген жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне сәйкес Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген нотариаттық іс-әрекеттер жасауға;
3. ғылыми, педагогтік және шығармашылық қызметпен айналысуға;
4. нотариаттық палатаның қызметіне қатысу, нотариаттық палатаның қызметіне байланысты барлық мәселелерді еркін талқылау және ұсыну, басқару органдарының жұмысына баға беру, олардың қызметі туралы ақпарат алу;
5. басқарманың, нотариаттық палатаның жалпы жиналысының қарауына нотариаттық қызмет жұмысын ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;
6. заңнамада көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға.

21. Нотариаттық палата мүшелерінің міндеттері:

1. осы Жарғыны ұстануға;
2. өз қызметі туралы нотариаттық палатаның басқару органдарын хабардар етуге;
3. жалпы жиналыстардың жұмысына, сондай-ақ басқарма отырыстарына және басқарманың бастамасы бойынша құрылатын комиссиялар мен жұмыс топтарының отырыстарына қатысуға;
4. Нотариаттық палатаның жарғысына сәйкес қабылданған сайланбалы органдарының шешімдері мен тапсырмаларын орындауға;
5. нотариаттық палатаға өз іс-әрекеттеріне түскен шағымдар бойынша өзі

жасаған нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер, өзге құжаттар, ал қажет болған жағдайларда - жеке түсініктемелерді, оның ішінде кәсіби әдеп талаптарын сақтамау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге;

6. кәсіптік қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпия ұстауға;
7. кәсіптік әдепті сақтауға;
8. сайланбалы органдардың мүшелеріне, Нотариаттық палата аппаратының қызметкерлеріне, әріптестеріне олардың кәсіби және іскерлік қасиеттерін, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеген сөздерінде, сондай – ақ интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде және мобильді қосымшаларда сөйлеген сөздерінде, талқылауларында әдептілік таныта отырып, құрметпен қарауға;
9. азаматтарға және заңды тұлғаларға олардың құқықтар мен міндеттерін түсіндіруге, жасалған нотариаттық іс-әрекеттерінің салдарлары жөнінде ескертуге;
10. нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен белгіленген мүшелік жарналарды әр айдың 5-күнінен кешіктірмей, өткен ай үшін уактылы төлеу;
11. нотариаттық палатаның басқару органдарымен белгілеген өтеусіз негізде уактылы аударымдарды төлеуге;
12. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңның, Қазақстан Республикасы «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңының және Қазақстан Республикасының нотариат қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес нотариаттық әрекеттер, сондай-ақ электрондық тіркеуге байланысты әрекеттер жасауға;
13. нотариаттық палатаның жалпы жиналыстарына қатысуға, нотариаттық палатаның жалпы жиналысына келмеген жағдайда, жиналыста болмау себептерінің дәлелді екендігін растайтын құжаттарды ұсынуға.

22. Нотариаттық палата мүшелілерінің жауапкершілігі:

Нотариус, заңсыз әрекеттер жасаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қылмыстық, әкімшілік, материалдық, тәртіптік және өзге де түрде жауапты болады. Жеке практикамен айналысатын нотариус өзінің кәсіптік міндеттері мен әдеп нормаларын бұзған жағдайда, нотариустың әдеп кодексіне сәйкес нотариаттық палатасымен жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

V. Нотариаттық палата мүшелерінің тәртіптік жауапкершілігі және оған тарту тәртібі

23. Нотариаттық палатаның Тәртіптік комиссия

1. Нотариаттың палатаның тәртіптік комиссиясы нотариаттық палата мүшелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Нотариустың әдеп кодексінің, нотариаттық палата жарғысының талаптарын, нотариаттық палатаға

мүшелік шарттарын бұзғаны туралы жүгінімдерді, шағымдарды (бұдан әрі – шағым) қарау жөніндегі орган болып табылады.

2. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысында жасырын дауыс беру жолымен, жай көпшілік дауыспен, төрт жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы нотариаттық палатаның алты мүшесінен және әділет органдары ұсынған жұртшылықтың үш өкілінен тұрады.

3. Тәртіптік комиссияның құрамына, оны сайлаған күнге дейін, кемінде бес жыл нотариаттық палатаның мүшесі болған және кемінде бес жыл нотариаттық қызмет өтілі бар, сайлау сәтінде өтелмеген тәртіптік және өзге де жазалары жоқ, соңғы бес жыл ішінде нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның күшін тоқтата тұрмаған, нотариаттық палата Жарғысының талаптарын орындаушы нотариус сайланады.

4. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының бірінші отырысында комиссияның төрағасы мен хатшысы жай көпшілік дауыспен сайланады.

5. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы отырысының хаттамасын комиссия хатшысы жүргізеді. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының қызметін техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуді Нотариаттық палатаның аппараты жүзеге асырады.

6. Тәртіптік іс жүргізуді қозғауға негіз болған құжаттар, нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясына келіп түскен құжаттар, хаттамалық шешімдер нотариаттық палата істерінің номенклатурасына сәйкес ТНП-да сақталатын тәртіптік іске қалыптастырылады. Шағым келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралады.

7. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы шағымдарды қарау кезінде шағымдарды жіберген адамдарды, сондай-ақ нотариаттық палатаның өздеріне қатысты шағым қаралатын мүшелерін өзінің отырыстарына шақыруға міндетті.

8. Әділет органдары тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы ұсыну енгізген жағдайда, оны қарау әділет органы өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Шағымды қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген көрсетілген адамдардың келмеуі оны қарауға кедергі болмайды.

9. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы нотариаттық палатаның мүшесіне қатысты тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде нотариаттық палата шешімнің көшірмесін нотариаттық палатаның мүшесіне, сондай-ақ ол бойынша шешім қабылданған шағымды жіберген адамға онын алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып жібереді.

10. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдеріне Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясында немесе сотта дау айтылуы мүмкін.

11. Тәртіптік комиссияның мүшесі тәртіптік жауаптылыққа тартылған жағдайда, оның өкілеттігі тоқтатылады.

12. Нотариаттық палатаның Тәртіптік комиссияның мүшелері нотариаттық палатада өзге де сайланбалы қызмет атқаруға құқығы жоқ.

13. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтату (тоқтатылған), нотариаттық палатаның тәртіптік

комиссиясының сайлауы өтпеді деп танылған жағдайда, нотариаттық палата жаңа құрамды сайлау/қайта сайлау мәселесі бойынша немесе нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы мүшесінің Нотариаттық палата мүшелерінің жиналысын шақырады. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының жаңа мүшесі немесе құрамы сайланғанға дейін Нотариаттық палатаның бұрынғы тәртіптік комиссиясы өз өкілеттіктерін сайлауға/қайта сайлауға дейін орындауды жалғастырады.

14. Шағымдарды қарау тәртібін Республикалық нотариаттық палата Қазақстан Республикасы «Нотариат туралы» Заңының талаптарын ескере отырып, айқындайды.

24. Тәртіптік комиссияның функциялары:

1. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы нотариустардың әрекеттеріне шағымдарды, арыздары, өтініштерді, соттардың ұсынымдары, жеке ұйғарымдары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде, мобильді қосымшаларда айтылған, өзге де материалдарды қарайды;

2. Нотариустың өз кәсіби міндеттерін тиісінше орындамауы немесе орындамауы, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Нотариустың әдеп кодексінің, Республикалық нотариаттық палата органдары, нотариаттық палаталар шешімдерінің талаптарын бұзуы тәртіптік теріс қылық деп танылады.

3. Нотариустың тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін бір тәртіптік жаза ғана қолданылуы мүмкін.

VI. Нотариаттық палатаның басшы органдарын калыптастыру тәртібі, функциялары мен өкілеттік мерзімдері

25. Нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы (*бұдан әрі - Жиналыс*) Нотариаттық палатаның жоғары басқару органы, Нотариаттық палатаның атқарушы орган - Төрағасы мен Басқармасы, ревизиялық органы - ревизиялық комиссиясы болып табылады. Жиналыста қабылдаған шешімдерді орындау Нотариаттық палатаның барлық мүшелері үшін міндетті.

26. Жиналыс Нотариаттық палата қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

27. Егер Нотариаттық палата мүшелерінің жартысынан көбі оған қатысса, жиналыс заңды болып саналады. Жиналысты өткізу үшін жиналысқа қатысатын Нотариаттық палата мүшелерінің саны (кворум) Нотариаттық палата мүшелерін тіркеу арқылы айқындалады. Нотариаттық палата мүшесінің өз өкілеттіктерін жиналыста Нотариаттық палатаның басқа мүшелеріне беруіне жол берілмейді.

28. Жиналысқа қатысу үшін келген Нотариаттық палата мүшелерін тіркеуді Нотариаттық палата аппараты жүзеге асырады.

29. Жиналысты Басқарма жылына кемінде бір рет шақырады. Жиналыс (кезекті және кезектен тыс) онлайн және офлайн форматта өткізіледі. Жиналысты өткізу форматы басқарманың шешімімен айқындалады.

30. Егер күн тәртібіне Нотариаттық палата төрағасын, басқарма мүшелерін, тәртіптік комиссияны, ревизиялық комиссиясын сайлауға, сондай-ақ нотариаттық палатаның мүлкіне билік ету мәселелеріне қатысты мәселелер қойылса, жиналыс онлайн форматта өткізілмейді.

31. Нотариаттық палата мүшелерінің кезектен тыс жиналысы бастамашылығы бойынша шақырылуы мүмкін Төрағамен, Басқармамен, бастамашыл топпен – нотариаттық палата мүшелерінің кемінде 50 адам. Жазбаша түрде жиналыстың кезектен тыс өткізу туралы ұсыныс, күн тәртібіндегі мәселелерді, оларды енгізу себептерін, өткізудің болжалды күні мен жерін көрсете отырып, келіп түскен күннен бастап он бес күннен кешіктірмей басқармамен каралады. Кезектен тыс шақыру туралы жиналыс мақұлданған жағдайда Басқарма оны шақыру туралы шешім қабылдайды.

32. Нотариаттық палата Басқармасының шешімі бойынша модемдік байланыспен күн тәртібінің, күн тәртібіне енгізілген мәселелерге қатысты материалдар бойынша жиналыс өткізілетін күнге дейін жеті күннен кешіктірмей таратыла отырып, жиналыс өткізілетіні туралы нотариустарға хабарланады.

33. Ерекше жағдайларда еңсерілмейтін күш мәнжайлары, күтпеген, төтенше және өзге де нотариаттық палатаға тәуелсіз мәнжайлар туындаған кезде, жиналысты өткізу орны мен уақытын нотариустарға хабарлай отырып, Нотариаттық палатаның төрағасы өзгерте алады.

34. Жиналысты, жиналыспен сайлайтын, жиналыс төрағасы жүргізеді.

35. Жиналыс хаттамасын жиналыспен сайлайтын Жиналыс хатшысы жүргізеді. Хаттамаға жиналыстың Төрағасы мен Хатшысы қол қояды.

36. Жиналыстың шешімдері жиналысқа қатысқан Нотариаттық палата мүшелерінің көпшілік даусымен ашық және жасырын дауыс беру арқылы қабылданады. Жасырын дауыс беру жиналыстың шешімі бойынша жиналыстың күн тәртібіндегі кез келген мәселе бойынша өткізілуі мүмкін. Нотариаттық палатаның Төрағасын, Басқарма Ревизиялық және Тәртіптік комиссияларды мүшелерін, сайлау жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

37. Жиналыста дауыстарды санауды жиналыста сайланатын Есеп комиссиясымен жүзеге асырады. Ашық дауыс беру арқылы шешілетін мәселелер бойынша дауыстарды санау кезінде жиналысты өткізудің офлайн форматында «оақтау», «қарсы», «қалыс қалғандарды» санау жолымен, жиналысты онлайн өткізген жағдайда қазіргі заманғы ZOOM және басқа да дауыстарды санау әдістері қолданылады, дауыс беру қорытындылары жалпы жиналыстың хаттамасына енгізіледі. Жасырын дауыс беру арқылы шешілетін мәселелер бойынша дауыстарды санау кезінде, комиссия хаттама жасайды, комиссияның барлық мүшелері қол қоюға тиісті. Есеп комиссиясының хаттамасы жалпы жиналыстың хаттамасына қоса тіркеледі.

38. Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді беруді, Нотариаттық палата Төрағасын, Басқарма мүшелерін, Тәртіптік комиссияны, Ревизиялық комиссиясын сайлау мәселелері бойынша, дауыстарды санау арқылы, дауыс беру рәсімін бақылауды Есеп комиссиясы жүзеге асырады. Есеп комиссиясы нотариаттық палата аппаратының қызметкерлерінен жиналыста тіркелген және қатысып отырған нотариустар санына тең мөлшерде Нотариаттық палатаның

мөрімен басылған бюллетеньдерді алады. Нотариаттық палата Төрағасының, Басқарма мүшелерінің, Тәртіптік және Ревизиялық комиссиясының сайланбалы лауазымдарына кандидаттардың тізімі бекітілгеннен кейін Есеп комиссиясы қол қойған бюллетеньдерде ұсынылған тізімдерге сәйкес кандидаттардың тегі, аты және әкесінің аты басылады.

39. Нотариаттық палатаның Жалпы жиналыстың айрықша құзыреті:

1. нотариаттық палатаның жарғысын қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2. нотариаттық палатаның Төрағасын, Басқарманың, Ревизиялық және Тәртіптік комиссиялардың мүшелерін сайлау және олардың мерзімінен бұрын өкілеттіктерін тоқтату;

3. нотариаттық палата қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;

4. нотариаттық палатаның бюджетін бекіту;

5. мемлекеттік тіркеуге жататын Палатаның жылжымалы және жылжымайтын мүлкін сатып алу және оған билік ету;

6. ерікті қайта ұйымдастыру және тарату, тарату комиссиясын тағайындау, аралық және тарату балансын бекіту;

7. Басқарманың, тәртіптік және ревизиялық комиссиясының сандық құрамын белгілеу;

8. нотариаттық палатаның жалдау бойынша қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын, штаттық кестесін, нотариаттық палатасының Төрағасына сыйақысын бекіту;

9. нотариаттық палатаның Төрағасын қаржылық есептіліктің тәртібі мен кезеңділігін айқындау, сондай-ақ Ревизия комиссиясының қаржы- шаруашылық қызметін тексеру жүргізу тәртібін, оның нәтижелерін және оны бекіту;

10. Нотариаттық палата органдарының қызметі туралы есептерді бекіту;

11. Нотариаттық палатаның қызметіне аудиторлық тексеру жүргізу туралы шешім қабылдау;

12. Республикалық нотариаттық палатаға ай сайынғы мүшелік жарналардың, сондай-ақ жарналардың мөлшерін, мерзімдерін және төлеу тәртібін жыл сайын айқындау;

13. Нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы мерзімінен бұрын, нотариаттық палатаның төрағасының, басқарма мүшелерінің, тәртіптік комиссия мүшелерінің және ревизиялық комиссия мүшелерінің қайта сайлауын өткізуге құқылы, жағдайда: өзінің мерзімінен бұрын тоқтату міндеттерін туралы оның (олардың) өтініші; нотариаттық палата мүшелерінің мүшелігін тоқтата тұру, шығару, жоғалту және одан шығу; өз міндеттерін орындамау немесе адал орындау; денсаулық жағдайы бойынша алты айдан артық мерзімге нотариаттық қызметті уақытша тоқтата тұру.

14. «Қостанай облысы нотариаттық палатасының нотариустарына материалдық көмек туралы ережені» бекіту.

40. Нотариаттық палатаның төрағасы.

Нотариаттық палатаның мүшесі болып табылатын, нотариаттық палатаның Жарғысы талаптарын орындайтын, соңғы бес жыл ішінде нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның күшін тоқтата тұру түрінде тәртіптік жазасы жоқ, сайлау сәтінде өтелмеген тәртіптік және өзге де жазалары жоқ, кемінде бес жыл Қостанай облысының Нотариаттық палатасының мүшесі болып табылады нотариаттық палатаның Төрағасы болып сайлана алады.

Нотариаттық палатаның төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады. Бұл ретте сол бір адам қатарынан екі мерзімнен артық нотариаттық палатаның төрағасы лауазымын атқара алмайды.

Нотариаттық палата төрағасы лауазымына сайлануға ниет білдірген кандидаттар жиналыс туралы жарияланған кезден бастап кез келген уақытта бұл туралы сайлау алдындағы бағдарламаны ұсына отырып, нотариаттық палатаға мәлімдеуге құқылы, сондай-ақ өз есебінен сайлау алдындағы іс-шараларды дербес ұйымдастыра алады.

Жиналысқа қатысып отырған және тіркелген Нотариаттық палата мүшелерінің арасынан ең көп дауыс жинаған кандидат Нотариаттық палата төрағасы лауазымына сайланды деп есептеледі.

Тең дауыс жинаған кандидаттар арасында сол жиналыста дауыс берудің екінші туры өткізіледі. Екінші турда дауыс беру тізіміне ең көп тең дауыс берілген кандидаттар енгізіледі. Дауыс берудің екінші турында ең көп дауыс жинаған Кандидат Нотариаттық палатаның төрағасы болып сайланды деп есептеледі.

Нотариаттық палата төрағасының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе нотариаттық палата төрағасының сайлауы өтпеді деп танылған жағдайда - нотариаттық палата Басқармасы бір ай ішінде нотариаттық палата мүшелерінің кезектен тыс жиналысын шақырады.

41. Нотариаттық палатаның Төрағасының өкілеттілігі:

1. Нотариаттық палатаға жалпы басшылықты жүзеге асырады, Нотариаттық палата Басқармасының жұмысын басқарады және ұйымдастырады.
2. Нотариаттық палатаға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады Палата мүшелері жиналысының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.
3. Нотариаттық палатаның жұмысына басшылық жасайды, Нотариаттық палата аппаратының қызметкерлерін қабылдауды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады.
4. Нотариаттық палатаны және нотариаттық палата мүшелерін мемлекеттік билік органдарында және жергілікті басқару органдарында, сот органдарында, жеке және заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынаста, Республикалық нотариаттық палатада, Қазақстан Республикасының аумақтық нотариаттық палаталарында, халықаралық нотариус ұйымдарында және шет мемлекеттер палаталарында ұсынады.
5. Аумақтық әділет органының аттестаттау комиссиясының мүшесі болып табылады.

6. Нотариаттық палатаның атынан сот органдарында, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдарда өкілдікке сенімхаттар береді.
7. Жиналыс, Басқарма шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.
8. Нотариаттық палата аппаратының жұмысына бақылауды жүзеге асырады.
9. Нотариаттық палатаның төрағасы лауазымы бойынша Республикалық нотариаттық палатаның басқарма мүшесі болып табылады.
10. Банктерде Нотариаттық палатаның шоттарын ашады және жабады, құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие.
11. Шарттар мен келісімдер жасайды, қаржылық және басқа құжаттарға қол қояды.
12. Нотариаттық палатаның мүшелігіне қабылдау және нотариаттық округтегі нотариустар қызметінің аумағын айқындау туралы шешімдерге қол қояды.
13. Тағылымдамадан өту туралы шарттарға, тағылымдама қорытындылары туралы қорытындыға қол қояды.
14. Жеке нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру, айыру және күшін тоқтату туралы ұсынымға қол қояды.
15. Нотариаттық палатаның атынан хат-хабар жүргізеді.
16. Жеке нотариустардың мөрлеріне тапсырыс беру, беру және жою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.
17. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, жиналыс шешімдеріне және осы Жарғыға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Нотариаттық палата төрағасының шешімдері өкімдермен және бұйрықтармен ресімделеді.

Нотариаттық палатаның қызметі туралы нотариаттық палатаның Төрағасы жыл сайын Нотариаттық палата мүшелерінің жиналысына есеп береді.

Нотариаттық палата төрағасы болмаған кезеңде оның міндеттерін Нотариаттық палата Басқармасының шешімімен бекітілген Нотариаттық палата Басқармасының мүшесі орындайды.

Нотариаттық палата төрағасының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, жаңа төраға сайланғанға дейін оның міндеттерін Нотариаттық палата Басқармасының шешімімен бекітілген Нотариаттық палата Басқармасының мүшесі орындайды.

42. Нотариаттық палатаның басқармасы

Төрт жыл мерзімге жасырын дауыс беру арқылы сайланатын Палатаның кемінде бес мүшесі бар Нотариаттық палатаның басқармасы жиналыстар арасындағы кезеңде Нотариаттық Палатаның тұрақты жұмыс істейтін басқару органы болып табылады.

Нотариаттық палата Жарғысының талаптарын орындаушы, соңғы бес жыл ішінде нотариаттық қызметпен айналысу құқығы лицензияның күшін тоқтата тұрмаған, сайлау сәтінде өтелмеген тәртіптік және өзге де жазалары жоқ кемінде бес жыл Қостанай облысының Нотариаттық палатасының мүшесі болып табылады, Нотариаттық палатаның басқарма мүшесі болып нотариаттық палатаның мүшесі сайлана алады.

Нотариаттық палатаның басқарма мүшелігіне кандидаттар жиналыста ұсынылады.

Нотариаттық палатаның жиналысқа қатысқан және тіркелген мүшелерінің ең көп дауысын жинаған кандидат Нотариаттық палата Басқармасының сайланған мүшесі болып саналады.

Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын қосылған (тоқтатылған), Басқарма сайлауы өтпеді деп танылған жағдайда, Нотариаттық палата сайлау мәселесі бойынша/жаңа құрам немесе нотариаттық палата Басқарма мүшесі сайланғанға дейін Нотариаттық палата мүшелерінің жиналысын шақырады. Жаңа мүше немесе басқарма құрамы сайланғанға дейін бұрынғы басқарма өз өкілеттіктерін сайлауға/қайта сайлауға дейін жалғастырады.

Басқарма отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Басқарма отырысы, егер оған Басқарма мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма отырыстарында Нотариаттық палатаның Төрағасы төрағалық етеді, ол болмаған кезде – нотариаттық палата төрағасының міндетін атқарушы. Басқарманың талқылауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Басқарманың талқылауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Нотариаттық палата Басқармасының шешімдері отырысқа қатысып отырған басқарма мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде шешуші дауыс Нотариаттық палата төрағасының дауысы болып табылады.

Ерекше жағдайларда басқарма отырысын қашықтықтан немесе онлайн форматта өткізуге жол беріледі. Басқарманың әрбір мүшесінің қашықтан отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікірі нотариаттық палатаға электрондық немесе почта жөнелтімі арқылы жіберіледі.

Басқарманың барлық отырыстарында хаттама жүргізіледі. Нотариаттық палата Басқармасы отырысының хаттамасын Нотариаттық палата аппаратының уәкілетті қызметкері-Басқарма хатшысы жүргізеді. Басқарма отырысының хаттамасына Нотариаттық палатаның төрағасы және Басқарма хатшысы қол қояды.

Нотариаттық палата Басқармасының шешімдері Нотариаттық палатаның барлық мүшелерімен орындауы үшін міндетті болып табылады.

43. Нотариаттық палата Басқармасының өкілеттіктері

1. нотариаттық палатаның жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету бойынша жұмысын ұйымдастырады;
2. Жиналысты шақырады, оның күн тәртібін, регламент жобасын және оны өткізу форматын қалыптастырады және жиналыс шешімінің орындалуын ұйымдастырады;
3. нотариаттық палатаға мүшелікке қабылдауды жүзеге асырады, нотариаттық палатаға мүшеліктен шығарады;
4. Республикалық нотариаттық палатаға нотариаттық палатаның қызметі туралы қорытылған есептерді ұсынады;

5.Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің бұйрығымен бекітілген нотариаттық округтегі нотариустардың ең аз санын айқындау өлшемшарттарын, бос орындарды ескере отырып, нотариустың қызмет аумағын, Қостанай облысының аудандары мен қалалары бойынша нотариустарға қажеттілікті, жүктемені айқындайды;

6. лицензияға нотариуска қатысты жекеше нотариус лицензиясының қолданысын тоқтата тұру, одан айыру және оның қолданысын тоқтату туралы ұсыну енгізеді;

7. оң жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

8. бухгалтерлік есепке алудың, қаржылық есептіліктің, іс қағаздарының жүргізілуін және бастапқы статистикалық деректердің қалыптастырылуын ұйымдастырады;

9. нотариаттық палатаның қаражатына нотариаттық палатаның жарғысында айқындалатын және нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы айқындайтын тәртіппен билік етеді;

10. нотариаттық палатаның мүлкіне билік ету тәртібін айқындайды;

11. аумақтық әділет органының аттестаттау комиссиясының құрамына Нотариаттық палата өкілдерін қосу үшін Нотариаттық палата мүшелерінің арасынан кандидаттарды қарайды және бекітеді;

12. комиссияларды, жұмыс топтарын құрады және олардың қызметін үйлестіреді, комиссиялардың, жұмыс топтарының және олардың басшыларының дербес құрамын бекітеді, олардың қызметінің бағыттарын, құқықтары мен міндеттерін айқындайды, комиссиялар туралы ережелерді бекітеді;

13. тағылымдаманың есептері мен материалдарын қарайды, тағылымдамадан өту барысы туралы тоқсан сайын тағылымдамадан өтушілерді тыңдайды;

14. Нотариаттық палата төрағасы болмаған кезеңде басқарма мүшесінің Нотариаттық палата төрағасының міндетін атқарушы лауазымына кандидатурасын бекітеді;

15. ревизия комиссиясының қатысуымен Нотариаттық палатаның қаржы-шаруашылық қызметін реттейтін қаржылық құжаттарды бекітеді;

16. нотариаттық палата мүшелері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылғаннан басқа, нотариаттық палата қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

44. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясы:

1. Нотариаттық палатаның қаржылық жылы жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейін белгіленеді;

2. Нотариаттық палата қаражатының қалыптасуы мен пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру үшін Жалпы жиналыс жасырын дауыс беру арқылы құрамында бес адамнан аспайтын төрт жыл мерзімге ревизиялық комиссиясын сайлайды. Ревизиялық комиссиясының бірінші отырысында қарапайым көпшілік дауыспен комиссияның төрағасы сайланады.

3. Тексеру комиссиясының мүшесі болып Нотариаттық палатаның мүшесі сайлана алады, Жарғы талаптарын орындаушы, соңғы бес жыл ішінде нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның күшін тоқтата

тұрмаған, сайлау сәтінде өтелмеген тәртіптік және өзге де жазалары жоқ, және Қостанай облысының Нотариаттық палатасының кемінде бес жыл мүшесі болып табылатын.

4. Нотариаттық палатаның Ревизиялық комиссиясы бақылау-тексеру органы болып табылады және нотариаттық палатаның қаржы-шаруашылық қызметі мен бюджетінің атқарылуын бақылауды жүзеге асырады.

5. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясы Жиналысқа бақыланады және есеп береді.

6. Ревизиялық комиссиясы кез келген уақытта нотариаттық палатаның қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Ревизиялық комиссиясы осы мақсатта нотариаттық палатаның бүкіл қаржылық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Нотариаттық палатаның органдары ревизиялық комиссиясының талап етуі бойынша ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсініктер беруге міндетті.

7. Нотариаттық палатаның қаржы-шаруашылық қызметін тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда Ревизиялық комиссиясы Басқармаға анықталған бұзушылықтар туралы ұсыныс енгізеді.

8. Ревизиялық комиссиясы міндетті түрде Нотариаттық палатаның жылдық қаржылық есептілігіне тексеру жүргізеді және есепті Нотариаттық палата мүшелерінің кезекті жалпы Жиналысына ұсынады.

9. Ревизия комиссиясы мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын токтату (токтатылған) жағдайда, Ревизиялық комиссиясының сайлауы өтпеді деп танылса, Нотариаттық палата сайлау мәселесі бойынша/жана құрамды немесе нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясының мүшесін сайлауға дейін Нотариаттық палата мүшелерінің Жиналысын шақырады. Ревизиялық комиссиясының жаңа мүшесі немесе құрамы сайланғанға дейін бұрынғы ревизиялық комиссиясы сайлауға/қайта сайлауға дейін өз өкілеттіктерін орындауды жалғастырады.

10. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясының мүшелері нотариаттық палатада өзге сайланбалы лауазымды атқаруға құқылы емес. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясының мүшелері өз қызметін ерікті негіздерде өтеусіз жүзеге асырады.

VII. Нотариаттық палатаның ақша қаражаты мен өзге де мүлкін қалыптастыру көздері мен тәртібі

45. Нотариаттық палатаның мүлкі

Нотариаттық палата өз атына сатып алынған мүліктің иесі болып табылады. Нотариаттық палатаның меншігінде осы Жарғыда көзделген оның қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер, мүлік болуға құқылы.

Нотариаттық палата мүшелерінің өздері нотариаттық палатаға берген мүлікке, оның ішінде мүшелік жарналарға да құқығы жоқ.

46. Нотариаттық палатаның мүлкін қалыптастыру.

Нотариаттық палатаның мүлкін ақшалай және өзге де нысандарда қалыптастыру көзі қатты ақшалай сомада айқындалатын мүшелік жарналар; Нотариаттық палатаның салымдары, депозиттері бойынша сыйақылар болып табылады. Қайырымдылық, демеушілік көмек, ерікті жарналар және заңды және жеке тұлғалардың мүліктік қайырымдылықтары.

Нотариаттық палатаның жарғылық мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылатын қаржы-шаруашылық қызметтен түсетін түсімдер (кірістер).

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғаларға тағылымдама ұйымдастырудан түсетін түсімдер (кірістер).

Нотариаттық палата таратылған жағдайларды қоспағанда, нотариаттық палата алған пайда мүшелер арасында бөлінуге жатпайды.

47. Нотариаттық палатаның мүлкіне билік ету.

Нотариаттық палатаның мүлкі Нотариаттық палатаның жарғылық мақсаттарында ғана пайдаланылады және Нотариаттық палата мүшелері арасында, оның ішінде нотариаттық палата мүшелері шыққан кезде де бөлінбейді.

Нотариаттық палата осы Жарғыда көзделген тәртіппен өзінің меншігіндегі мүлікке қатысты заңнамаға және Нотариаттық палатаның жарғысына қайшы келмейтін кез келген мәмілелер жасауға құқылы.

Нотариаттық палатаның қаражаты қолданыстағы заңнама шеңберінде жыл сайын бекітілетін бюджетке сәйкес жарғылық мақсаттар мен міндеттерге жұмсалады.

48. Мүшелік жарналарды төлеу тәртібі.

Нотариустар мүшелік жарналарды ай сайын төлеуге міндетті. Мүшелік жарналардың мөлшері Нотариаттық палатаның жалпы жиналысының шешімімен бекітіледі.

Мүшелік жарналардың мөлшері Республикалық нотариаттық палатаға төленетін жарналардан және нотариаттық палатаға жарналардан қалыптастырылады.

Мүшелік жарналар өткен айдан кейінгі айдың 5-ші күніне дейін төленеді.

Нотариус лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру және тиісінше нотариаттық палатаға мүшелікті тоқтата тұру нотариусты мүшелік жарналарды төлеу міндетінен босатпайды.

Мүшелік жарнаның үш айлық мөлшерінен асатын борышқа қол жеткізгеннен кейін нотариаттық палатаның басқармасы нотариусты Нотариаттық палата мүшелерінен шығару және берешекті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өндіріп алу туралы мәселені шешеді.

VIII. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі нотариаттық палатаның жарғысына

49. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Нотариаттық палата Төрағасының, Басқармасының немесе кемінде елу адамнан тұратын

мүшелерінің бастамасы бойынша енгізіледі және Қостанай облысы Нотариаттық палатасы мүшелерінің жалпы Жиналысының шешімімен бекітіледі.

50. жарғыға өзгерістер мен толықтырулар, егер нотариаттық палатаның мүшелерінің жалпы жиналысында тіркелгендердің (қатысып отырған) кемінде олардың 2/3-і дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

IX. Нотариаттық палатаны қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі, таратылған жағдайдағы мүліктің тағдары

Нотариаттық палата Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен оның мүшелерінің жалпы жиналысының немесе соттың шешімі бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

Нотариаттық палатаны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені, осы Жарғыда көзделген тәртіппен, Нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысында, Нотариаттық палата Басқармасымен немесе нотариаттық палата мүшелерінің қарапайым көпшілігімен дауыс беру нысанында мүмкін. Қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім нотариаттық палатаның жалпы жиналысында тіркелген және қатысып отырған мүшелерінің 2/3 даусымен қабылданады. Нотариаттық палатаны тарату туралы шешім қабылданған жағдайда, жалпы Жиналыс бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

52. Тарату комиссиясы

Тарату туралы шешім қабылданған жағдайда жалпы Жиналыс тарату комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және осы Жарғының нормаларына сәйкес нотариаттық палатаны тарату тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.

Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған нотариаттық палатаның мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады. Тарату комиссиясы нотариаттық палатаның атынан сотта сөз сөйлейді.

Тарату комиссиясы нотариаттық палатаның мүлкін бағалайды, оның дебиторлары мен кредиторларын анықтайды, нотариаттық палатаның кредиторлық берешегін төлеуге шаралар қабылдайды, тарату балансын жасайды және оны жалпы Жиналысқа бекітуге ұсынады.

53. Таратылғаннан кейін нотариаттық палатаның мүлкі мен құжаттары

Кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін қалған нотариаттық палатаның мүлкі нотариаттық палатаның мүшелері, лауазымды адамдары немесе жалдамалы қызметкерлері арасында қайта бөлінбеуі тиіс (мүмкін), бірақ таратылатын Нотариаттық палата сияқты мақсаттарды көздейтін басқа коммерциялық емес ұйымға берілуі тиіс.

Нотариаттық палатаның қызметі тоқтатылғаннан кейін оның мемлекеттік, қоғамдық немесе өзге де ұйымның, сондай-ақ жеке тұлғалардың уақытша пайдалануына берілген мүлік оның бұрынғы иесіне қайтарылады.

Тарату аяқталды, ал нотариаттық палата бұл туралы бизнес - сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне жазба енгізілген сәттен бастап өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

Нотариаттық палатаның барлық құжаттары (басқару, қаржы-шаруашылық, жеке құрам бойынша және басқалар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен нотариаттық палатаның құқықтық мирасқорларына, ал олар болмаған кезде - мемлекеттік мұрағатқа сақтауға беріледі.

Х. Нотариаттық палатаның халықаралық байланыстары.

54. Нотариаттық палата қолданыстағы заңнама шеңберінде нотариаттық палатаның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шетелдік үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасады, тікелей байланыстар мен байланыстарды қолдайды, тиісті келісімдер жасасады.

55. Занды және жеке тұлғаларға құқықтық қызмет көрсету мәселелері бойынша халықаралық конференциялар, семинарлар ұйымдастыруға және өткізуге қатысады.

56. Нотариаттық практиканы зерделеу және тарату мақсатында, семинарларға, конференцияларға қатысуға өзінің Нотариаттық палата мүшелерін шетелдік іссапарға жібереді және шетелдік әріптестерді қабылдайды.

**Қостанай облысының
нотариаттық палатасының төрағасы**



А.М.Баекин

Принят общим собранием
членов Нотариальной палаты
Костанайской области
«25» февраля 2023 года

УСТАВ

Нотариальной палаты Костанайской области

1. Наименование, цели и основные виды деятельности

1. Нотариальная палата Костанайской области (далее по тексту - Нотариальная палата), является некоммерческой, профессиональной, самофинансируемой организацией, созданной в результате объединения частных нотариусов для достижения общих целей, для выражения и защиты прав и законных интересов нотариусов, занимающихся частной практикой, а также для обеспечения соблюдения частными нотариусами законодательства Республики Казахстан о нотариате, профессиональных и этических норм.
2. Нотариальная палата осуществляет свою деятельность в соответствии Законом Республики Казахстан «О нотариате» и иными законодательными актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.
3. Нотариальная палата приобретает права юридического лица с момента её государственной регистрации.
4. Наименование Нотариальной палаты:
 - на государственном языке **«Қостанай облысының нотариаттық палатасы»**,
 - на русском языке **«Нотариальная палата Костанайской области»**.
5. Нотариальная палата имеет свой филиал – Частный нотариальный архив, который осуществляет функции по накоплению, хранению и использованию нотариальных документов в соответствии с законодательством Республики Казахстан о Национальном архивном фонде и архивах.
6. Деятельность Нотариальной палаты строится на принципах самоуправления, самофинансирования, гласности, законности, равноправия и уважения ее членов.
7. Нотариальная палата обладает обособленным имуществом, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, круглую печать со своим наименованием на государственном и русском языках, фирменные бланки и другие атрибуты.
8. Нотариальная палата вправе для достижения своей деятельности от своего имени заключать сделки, приобретать имущественные и личные неимущественные права, быть истцом, ответчиком и третьим лицом в суде.
